

АҚМЕШІТ

жастары

6+



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 05 (438)
3 ақпан, 2022 жыл



КІТАПҚҰМАР ЖАС – ӨРКЕНИЕТ ІРГЕТАСЫ

Құрметті «KQ-KitapQurt-taru» клубының мүшелері!

Сіздерді клубтың 3 жылдық мерейлі мерекесімен, бедерлі белесімен шын жүректен құттықтаймын. Адам жанының емшісі де, көңіліне көктем болып орнайтын немесе бір сөзге суығымен қарып алар қысқа айналдыратын да – сөз. Қара сөздің қасиетін ұғынар жеті азаматтан құрылған шағын топ үш жылдың ішінде құрамында 100 шақты мүшесі бар рухани күшке айналып үлгерді. Әр адам өз ортасының айнасы десек, клубтың әрбір мүшесі арқылы қаншама қазақстандық, қызылордалық

жастың кітап оқуға деген құштарлығы артып, оған күнделікті әдетінің бірі ретінде қарай бастады. «Әлемді өзгертуді өзімізден бастайық» деген адамзаттық миссияны сөзбен ғана емес, шынайы іспен жүзеге асырып келесіздер. «Кітап құрттары» – өзгерістерге бейім, саналы да сапалы буынның, бәсекеге қабілетті қоғамның көрінісі.

«Кітап – мәдениеттің мәйегі» деген жазушы Шерхан Мұртаза. Жаһандануға ұмтылған кезеңде ұлттық дінгегімізді алыстан іздемей, жүрегі, жаны қазақ әдебиет кейіпкерлері мен отандық шығармалар арқылы өзімізді

тануға талаптану шартты дүние. Тал бесіктен жер бесікке дейінгі түгел өмірін сөзге сыйдыра білген бабалар танымымен танысу үшін парасат пен пайым биігі керек. Осы орайда жаңа ұрпаққа «атасының емес, адамның баласы» болуды насихаттап, өзінің кеше кім болғанын, бүгін кім екенін, ертең кім болатынын ұғындыруды мақсат еткен жобаның жетістігі жоқ емес. «Бес жылдан кейін адамның қандай болатыны қазір оқып жүрген кітабына байланысты» деген тәмілдің мәні де осында жатыр. Әр атаулы күндерден бөлек тұрақты түрде ұйымдастырылып келе жатқан кітапты бірге талдау, пікір алмасу, ой толғау шаралары келген жанның жүрегіне шырақ болып жанбақ. Клуб құрамында тек қызылорданың ғана емес, Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе қаласы жастарының болуы – осының айғағы.

Бүгінгі жаһандану мен цифрландыру дәуірінде ұлттың мәдениеті, болмысы, сауаты кітап оқуына байланысты. Осы орайда өзіңіз бастаған кітап клубы мүшелері «Кітап сыйла» акциялары, «Косплей рәту», интеллектуалды квесттер мен сайыстарды ұйымдастыру арқылы жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, ұлттық оқу мәдениетін жаңғыртуға өлшеусіз үлес қосып келеді.

Бұл, Сіздердің, қоғам өмірінің бел ортасында болып, Президент айтқан, ел сенген жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы қажырлы еңбектеріңіз деп білемін. Ұшкылдық мерейтойларыңызбен құттықтай отырып, шығармашылық табыс пен жаңа мақсаттарға жету жолында жетістік пен жемісті еңбек тілейміз!

Мира ҚАЗБЕКОВА,
облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы



Облыста қаңтар айында өтетін ҰБТ басталды. Өңір бойынша 7514 мектеп бітіруші түлектің 6 106-ы немесе 81% тестілеуге қатысуға өтініш білдіріп, бағын сынауда. Биыл министрлік талапкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін, сондай-ақ тест тапсыру процесінің ашықтығы мен транспаренттілігін күшейту үшін бірқатар өзгеріс енгізді.

Осы жылғы басты өзгеріс – ерекше білім беру қажеттіліктері бар түлектерге қосымша уақыт берілді. Керу, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған талапкерлерге тапсырмаларды орындау үшін негізгі 240 минуттан бөлек, қосымша 40 минут бөкіліп, яғни олар ҰБТ-ны 4 сағат 40 минут ішінде ұзағырақ тапсыра алады. Сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар талапкерлерге арналған тапсырмалардың мазмұнына да өзгерістер енгізілді. Олар үшін суретсіз, сызбасыз және диаграммаларсыз тест нұсқалары жасалған.

ҰБТ тапсыру кезінде түлектердің білімі сараланады, сондықтан тестілеу барысының ашықтығын барынша қамтамасыз ету қажет. Сол үшін биылдан бастап тестілеу «1 камера – 2 камера – 15 тестілеуші» қағидаты бойынша жүргізіледі. Оқуға түсушінің тест тапсыру орнында негізгі камерада басқа, дыбысын жазу және қозғалысын тіркеу үшін алдыңғы веб-камера орнатылады. Фронталды веб-камера талапкердің жеке басын сәйкестендіруге және ҰБТ кезінде бөге адамдардың кіруін қадағалауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ қағидат емитхан тапсыру барысына бақылау жүргізу үшін қажет.

Айта кетейік, тапсыратын пәндер санында өзгеріс жоқ. Әдеттегідей екі бейінді және үш міндетті пән қамтылады. Тест тапсырмаларының саны – 120. Оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша – 15, математикалық сауаттылық бойынша – 15, оқу сауаттылығы – 20 және екі бейінді пәннен 35 тапсырмадан беріледі. Тестілеуді өткізу уақыты – 4 сағат (240 минут). ҰБТ нәтижесі бойынша талапкерлер ең жоғары 140 балл жинай алады. Осы орайда оқушылардың ҰБТ-ға дайындығы жөнінде №3 11 мектеп-лицей директорының оқу ісі орынбасары Аманғали Жарқасұлының пікірін білдік:

– Тест сұрақтарының барлығы тек жаңартылған бағыттағы оқулықтардан келеді, себебі биылғы мектеп бітіруші түлектер мектеп базасында осы оқулықтарды толыққанды оқыды. Барлық білім ордасында ҰБТ-ға дайындық офлайн және онлайн жүргізіледі. Оның басты себебі 17 қантардан бастап 1-5 сыныптар офлайн (мектептегі оқу) оқиды бастады. Мектеп бітіруші 9 сынып және 11 сынып оқушыларынан вакцина алғандар мектепте оқуда. Ал вакцина алмаған 11 сынып оқушыларына қашықтан оқумен қатар ҰБТ пәндерінен қосымша дайындықтар ұйымдастырылған. Президент жасаған жомарт Тоқаев техникалық пәндерге басты назар аудару керекін айтты. Мектептегі 144 бітіруші түлектің 61-і физика мен математиканы бейіндік пән ретінде таңдап отыр. Мектепте барлық санитарлық талаптарды ескеріп ҰБТ-ға қосымша дайындық сабақтары сабақтан тыс түстен кейінгі уақытта жүргізіледі. 25 қантар мен 22 ақпан аралығында өтетін ҰБТ-ның бірінші кезеңі «Юстади» базасында өтуде. Тынғылықты дайындығы бар оқушыларымыз арасында 100 баллдан аса алғандары да бар. Басты мақсат – олардың мемлекеттік грантты иеленуіне куәл салу, – дейді А.Е.Сімов.

Оқушыларға қойылатын талап та қатан. Себебі ҰБТ барысында талапкердің артық зат пайдаланбауы өте маңызды. Осы мақсатта түлектердің тестілеуге кірер кезінде қолмен тексеретін және рамалық металл іздегіштер қолданылады. Бұл талапкерлердің қауіпсіздігі үшін, ережелерді бұзудың және тыйым салынған заттарды (телефондар, шпаргалкалар және т.б.) алып өтудің алдын алу үшін қажет. Қатысушылардан тыйым салынған заттар табылған жағдайда тестілеу автоматты түрде тоқтатылатыны ескертіледі.

Сондай-ақ мобилді және радиоэлектрондық байланыс сигналдарын басытын құрылғылар пайдаланылады. Ол аудиторияның (компьютерлік сыныптың) және бейнебақылау камераларының ауданына байланысты жұмыс істейді. ҰБТ-2022 аяқталғаннан кейін күнтізбелік жылдың соңына дейін бейнежазбаларға талдау жүргізіледі. Тыйым салынған заттарды пайдалану және ережелерді бұзу фактілері анықталған жағдайда оқуға түсушінің ҰБТ нәтижелері жойылады. Сондықтан түлектердің тестілеу барысында тәртіпті сақтағаны абзал.

Көпті алаңдатқан мәселе, қаңтар айындағы ҰБТ қорытындысы бойынша оқуға түсуге бола ма деген сауал екені рас. Мамандардың айтуынша, қаңтардағы нәтижемен тек ақылы негізде оқуға болады. Түлектер жеке жазғы тестілеу негізінде ғана грантқа үміткер болады.

Қызылорда қалалық білім басқармасының мәліметі бойынша биыл қалада 2481 түлек мектепті тәмамдады, соның ішінде 2236 оқушы ҰБТ тапсыруға өтініш білдірген. Айта кетейік, Ұлттық бірыңғай тестілеу барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатан сақтай отыра 22 ақпанға дейін жалғаспақ.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

ПӘТЕР ЖАЛДАУҒА ЖЕҢІЛДІК

Жасыратыны жоқ, өзге аймақтарды айтпағанда соңғы онжылдықта облыста мемлекеттік бағдарлама мен жобалар арқылы бой көтерген тұрғын үй жетерлік. Тіпті Сырдария өзенінің сол жағалауынан жаңа қаланың іргетасы қалануы да құрылыс қарқынынан хабар беретіндей. Алайда бұл қалам баспанасыз тұрғындардың тілеуін толық орындай алды деп айта алмаймыз. Сондықтан тұрғын үй тұрғызумен қатар азаматтарға сол үйді сатып алу немесе жалдауға жағдай жасау аса маңызды екені даусыз. Министр айтқан ұсыныс осы қиындықты өңдеуге арналған. Өзіренген жобаға сәйкес, тұрмысы төмен азаматтарға жалдап тұратын

баспана ақысының 50 процентін мемлекет өтейтін болды. Бұл мақсатқа ел қазынасынан 50 млрд теңге қарастырылыпты. Жоба сәтті жүзеге асса, бастама аясында табысы төмен 70 мыңға жуық отбасына мемлекеттік қолдау көрсетіледі деп күтілуде.

Алайда ескеру кететін жайт, аталған көмек жалпыға бірдей көрсетілмейді. Талабы ерек. Негізгі мақсат мұқтаж отбасыларға қолдау көрсету болғандықтан, басымдық та сол әлеуметтік топқа берілген. Мәселен, атаулы көмекті алу үшін отбасының соңғы 6 айдағы жиынтық табысы отбасының әрбір мүшесіне шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспауы шарт. Мұнан өзге тұрғын үйге мұқтаж ретінде зиямдікте кезекке қойылағаны растауы қажет.

Сонда ғана көмек алуға мүмкіндік жоғары.

Берен
ЖАҒЫРОВ

Соңғы жылдары елдегі әлеуметтік ахуал мен экономикалық жағдай жаңа даму кезеңіне көтерілді. Өсірісе ең өзекті мәселеге айналған баспана жайы қоғамда қызу талқы тудырып, көлеңсіздік ашық айтылуда. Мерзімі біткен мемлекеттік бағдарламалар, үй кезегі, пәтер алу алгоритмі тұрасындағы батыл пікірлер легі толстаған емес. Оған қоса жағдай әлеуметтік сипаттан саяси олқылыққа ауысқан тұста түрлі пікір қақтығысы туындағанын байқадық. Жағдайға жаңа қырынан қараған билік те мәселені шешудің жаңа әдістерін табуға кіріскендей. Соның ішінде Үкімет отырысында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев тұрғын үй жалдау субсидиясын ұсынып, өлге үміт сыйлады.

Өсіресе биылғы бітіруші түлектер арасынан өлеңге құштар шәкіртіміз бар. Бала күнінен бойға сіңген дарыны болар, поэзия өлеміне қанат қаққан Нұрсұлтанға мектеп мұғалімдері үнемі мақтанш

қарай дамып, жетілуіме, шығармашылық тұрғыдан шыңдалуыма өз үлесін қосты. 2017 жылы жас ақындар мүшайрасында бағымды сынып бас жүлде алуым өзімді де қанаттандырды, – дейді

ақындар мүшайрасында III орын иеленген. Былтыр ғана «Ақберен» өнер байқауының облыстық кезеңіндегі мүшайрада тағы I орынды жеңіп алғаны бар. Нұрсұлтанның айтуынша,



МЕКТЕБІНЕ МАҚТАНЫШ БОЛҒАН ҰЛ

Мектепке жұмысқа өнді ғана қабылданып, толық араласпаса да, тәлімгер болғалы дарынды оқушылармен жиі сөйлесемін. Өңге де, биге де бейім, спорт пен кітапты өзіне серік еткен дарынды шәкірттер біздің мектепте білім алып жүр. Расымен мұндай талантты оқушылардың көп болуы өзіміздің де мәртебемізді биіктетері сөзсіз.

етеді. Республика мен облыстық жазба ақындардың мүшайрасында жүлделі орыннан көрініп жүрген оның өлеңдері көпшілік көңілінен шығады.

– Осыдан төрт жыл бұрын өлең шығара бастадым. Алғашында шығарма, әсес жазып жүріп, солардың арасынан ұйқас құрастыратыным. Тіпті жазған шығармаларымның ішіне шумақтап өлең қосатыным. Өлеңге деген құштарлығымды алғаш байқаған ұстазым Индира Арыстанбекова болды. Ол менің ары

Нұрсұлтан Досмайылов.

Бүгінде мектеп түлегі талай шығармашылық додадан жетістіксіз қайтпаған. Атап айтсақ, 2018 жылы «Жүз жыл жырлаған жүрек» атты аймақтық жас ақындар байқауында өлең оқу шеберлігі және шығармашылық қабілетімен бірінші орынды жеңіп алыпты. 2019 жылы Абайдың 175 жылдығына орай ұйымдастырылған «Абай дана, Абай дара қазатқа» атты жазба ақындар додасында да I орынмен марапатталған. Дәл осы жылы «Сыр – таланттар мекені» жас

кейбір байқауларда әділетсіздікке бой алдыратын қазылар бар. Шын ақынды шыңырауға қиялы, таңыс-тамырына бүйрегі бұратын кейбір аға-апаларды көргенде қыжылтанып да айтып қалады. Оған еңсе түсірген Нұрсұлтан жоқ, сынақ деп қабылдап, шығармашылығын тоқтатқан емес. Қазір де дамуын тоқтатпай, «журналистика» факультетіне оқуға түсуге дайындық үстінде. Арманы – сөз өнерін ұлықтау.

Ұлбала АЛДАНБЕВА,
№253 орта мектебінің

«Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық білім кітаптан, Ерінбей оқып көруге» деп дана Абай айтпақшы, адам баласы үшін кітап – тілсіз тәрбиеші. Бала кезінен бастап өмірінің соңына дейін сырлас дос бола алады. Мұны жастар жете ұғынған. Бүгінде олардың «Кітап құрттары» еріктілер клубының қатарына шоғырлануы соның дәлелі және бұл топқа биыл 3 жыл толып отыр.



«КІТАП ҚҰРТТАРЫНА» – 3 ЖЫЛ

Маманды датаға орай кітапқұмар жастар «Достық үйінде» бас қосты. Қолға алған бастамаларын, алдағы уақытта жүзеге асыратын жоспарын пысықтады. Бүгінде құрамында 100-ден аса жас бар топ мыңдаған кітапты талқылаған. Қазақ әдебиеті туындыларынан бастап әлемдік классикалық шығармаларды оқыды. Кітап оқып жарысқан жастар хакім Абайдың шығармаларын өздеріне бойлауға өтті. Абайдың қара сөздерін, өлеңін оқып, челлендж ұйымдастырғаны да есте. Ал «Кітап сыйла» акцияларын ұйымдастыруы замандастарын кітап оқуға бастап, өздері оқыған кітабы туралы бағыт-бағдар беруге септесіп келеді.

«Көпшілік арасында қазіргі жастар кітап оқимайды деген пікір қалыптасқан. Біз оңай ғұмыды жоюға шығарамыз. Себебі заманауи технологиялар қанша-лықты дамып кетсе де, кітап оқыла береді. Өйткені кітаптың қай заманда да өзіндік орны бар. Клубтың мақсаты – жастарға кітап оқудың оңтайлы әдістерін көрсете отырып бағыт беру», – дейді ерекше клубтың құрылуына бастамашы болған Талғат Мәндібаев.

Айта кетейік, бұған дейін «Кітап құрттары» облыс әкімінің «Жаңа бастама» номинациясына ие болды. Өзірге клубтың Қазалы ауданында бөлімшесі ашылған. Алдағы уақытта мұндай орындарды өзге аудандарда ашу жоспарда. Сондай-ақ, ізденімпаз студенттерге арнап Қорқыт ата университетінде қосымша курс жұмысын бастады.

А.МАНСҰР

«JAS OTAN» ҚАТАРЫНА КӨШБАСШЫЛАРДЫ ТARTU ҚAJET»



«Nur Otan» партиясының өл дамуында үлесі бар. Өсіресе жастарды қолдау бағыты жүйелі. Тарқатып айтсақ, жастар саясатын жүзеге асыруда «Jas Otan» ЖҚ-ның ролі жоғары. Бүгінгі таңда оның қатарында 100 мыңнан астам мүше бар.

«Қазақстан-2050» Стратегиясында да ел экономикасын алға бастау үшін білім, жаңа технология, инновациялық жобаларды іске асыру жолында, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда жастардың ролі айқын. Жылдан жылға жастардың шағын және орта бизнесмен айналысуына мүмкіндік молаяды. Араларында жеке кәсіпорын ашып, экономиканың дамуына үлес қосып жатқандары баршылық. «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXI съезінде де саяси кеңестің жаңа құрамы бекітілді. Партияның баспасөз қызметінің хабарлауынша, әйелдердің үлесі 33,7%-ке дейін өсті. 35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 6 есеге, яғни 13%-ке дейін артып отыр. Президент «Jas Otan» жастар қанатының қатарына сенімге ие көшбасшыларды тартуды да тапсырды.

«Партия съезінен көпшіліктің күткені мол. Ол баршамызды белестер мен биіктікті бағындыруға бастайды деп сенемін» дейді бұл ретте «Nur Otan» партиясы Арал аудандық филиалының ұйымдастырушысы Талғат Қанатов.

Г.ИЛАСОВА

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

«Қызылорда облысы бойынша «Jas Otan» Қоры» корпоративтік қоры (БИН 090540013808) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

«Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанаты» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы (БИН 090541007264) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелін.

ҚЫЗЫЛОРДА ОПД ЕБҚІКЕ ТАРАПЫНАН ЖАРИЯЛАНҒАН БАЙҚАУҒА

ЖАМАННАН ЖИРЕН

Бірде Платон көшеде бұзақылық жасаған баланы ұстап алып, сөгілті. «Мені болар-болмас нәрсе үшін сонша жазығарыңыз қалай?» деп томсырайған баланың иығына қолын қойып тұрып данышпан: «Жаман дағдыға ешқашан өлеусіз қарауға болмайды» деп ескерткен екен...

Көпшілік мән бере бермейтін дағдының адам өмірінде алар орны ерекше. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады». Оның үстіне жас өскін ортасына тез бейімделіп, көрген жағымды-жағымсыз қасиеттерді бойына тез сіңіреді. Шын мәнінде «Бір еткеніңді екі етерсің. Екі еткеніңді үш етерсің. Үш еткеніңді әдет етпей не етерсің?!» демекші, екі-үш қайталанған істің әдетке айналғанын адам сезбей қалады. Бастапқыда ескермегендіктен, одан құтылу барған сайын қиындай түседі. Есірткігі тәуелділік те солай. Сондықтан ата-ана әрқаз қандай жағдай болмасын балаға көңіл бөліп, дұрыс бағыт көрсету керек. Бос уақытының тиімді өтуіне жағдай жасауы қажет. Спортпен шұғылданып, жан-жақтылыққа тәрбиеленген жас зиян әрекеттен аулақ болады.

Талай жанның өмірін қиып, сал ауруына шалдықтырып, ақыл-есінен айырған зиянды заттан жастардың бойын аулақ ұстау үшін де мектеп қабырғасында үгіт-насихат жүргізу қажет деп білемін. Қоғам болып құрессек, есірткінің жолына тосқауыл қоярымыз хақ, Абай ағамыз айтқан бес дұшпаннан бойымызды алшақ ұстасақ, кеселді түп-тұяғымымен құтарымыз сөзсіз.

Нұрлыбек ДҮЗБАЙ,
Қазалы ауданы, Бірік ауылы,
№102 орта мектеп оқушысы

ЖАСТАР - БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

Нашақорлық – қоғамды жайлаған қауіпті дерт. Оған құмарлық – жанның да, тәттінің де құлдырауы. Бұл жолға түскен адам барлық жақсы қасиеттен ажырайды. Жақындарынан қол үзіп, отбасын жоғалтады. Өзіне және жақындарына бақытсыздық әкеледі. Тіпті еріксіз өмірмен қоштасуы да мүмкін.

Замандасым, өміріңді қор ететін жаман әдеттен аулақ бол! Есірткі өміріңді қысқартады, оның дәмін татқан соң өмір бойы соған тәуелді болып өтесің. Зиянын білсең де, қоя алмайсың. Басты байлық – денсаулығыңнан қағыласың. Ол сананы да, тәнді де ұлап, зақымдайды. Таңғажайып өмір өлеміне деген қызығушылығыңды жоғалтуың да жаппа емес.

Есірткісіз болашақ – жарқын болашақ. Болашағымыз нұрлы болсын десек, зиянды әдеттерден бойымызды аулақ ұстайық. Саламатты өмір салты – бақытты болашағымыздың кепілі.

Венера БАСЫМБЕКОВА,
Ж.Нұрсейітов атындағы №233 орта мектеп оқушысы

БАҚЫТТЫ БОЛУДЫҢ ФОРМУЛАСЫ

«Бақыт қайда барасың?» деп сұрағанда «Ынтымағы жарасқан елге барамын» депті. Мұнда астарлы мән бар.

Бұлай деуімнің себебі балалардың әр күні бақытқа толы болуы тиіс. Мәселен, мен өзімді бақытты санаймын. Өмірді сүйемін, өмірге құштармын. Өйткені жанымда қолдайтын, ардайтын түсіністік танытатын отбасым бар. Олардың жылуынан ертеңге деген сенімді, болашаққа деген жоспарымды нықтай түсемін. Бақытты болуымыздың басты формуласы да осында. Әкем – дәрігер, ол бізді саламатты өмір салтына тәрбиелейді. Спортпен шұғылданауға шақырады, секцияларға жібереді.

Қолдау бар жерде алға жылжу бар деп бекер айтылмаса керек. Осыған қарап, ізі отбасында өскен бала жамандыққа жұмыайды, жаман әдеттен бойын аулақ ұстайды деп айтар едім. Оның үстіне мектеп қабырғасында ұстаздарымыз да зиянды нәрседен тыйып, тәлім-тәрбие береді. Есірткі секілді зиянды препараттардың қандай күйге түсіретінін және оны пайдалану болашаққа балта шабумен тең екенін түсіндіреді. Біз осыны қаперге алып, үлкендер артқан сенімге селкеу түсірмеуге тиіспіз.

Мұсахан ИСАХМЕТ,
№233 Ж.Нұрсейітов атындағы орта мектеп оқушысы

– Ең алдымен «Кітап құрттары» клубының үш жылдық мерейтойымен құттықтаймыз! Өңгімемізді осындай креативті идея қалай пайда болды деген сауалдан бастасақ...

Талғат Мәңдібаев: Рахмет! Бастапқыда менде қалада әлі жұмысын бастамаған, өзімнің жаным жақын дүние жасаймын деген ой болды. Осы орайда келіншегіме үлкен рахмет айтамын, ол мені қолдап «Талғат, сенің араласатын ортаң көп, неге бәрінің басын қоспайсың? Мүмкіндік болса, екі тілді орта болса» деген ұсыныс айтты. Осыдан соң «WhatsApp» желісі арқылы топ құрып, кітап оқиды-ау деген барлық таныстарымды қостым. Бастапқыда топ атауы «Книгоман» аталды және топта өзін артық санайтын адамдарға шыға беруге болатынын ескерттім. Екі жыл бұрын ақпан айында облыстық жастар ресурстық орталығында белсенді жас Жасулан Алдабергеновтың көмегімен жиналды. Топ құрамындағы мүшелердің жас ерекшеліктері 15-34 жас аралығында болды. Топқа бастапқыда екі жүз адам қостым, соның ішінде кітап оқуға қызыққан сексен адам ғана қалды. Бірақ маған «Книгоман» деген атау ұнамады да клубтың атын «Кітап құрттары» деп ауыстырдым. Бұл атауға көпшіліктің «тисетінін» білдім, бірақ түсінген адамға «Кітап кеміргіштер», «Кітапқұмарлар» дегенге қарағанда есте қалатындай атау болғаны рас. Көп адам осылай наразылық танытты. Оның атауында тұрған ешнәрсе жоқ, мәселе оның жұмысында. Қазіргі таңда клубтың мүшелері толық қалыптасты, олардың қатарында жас та, жасамыс та бар. «Кітап құрттарының» жұмысымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев, облыс әкімі Гүлшара Әділқұлова, сол кезінде Ақпарат және қоғамдық даму министрі қызметінде болған Данияр Есин және Парламенттің бірқатар депутаттары таныс болды.

Еріктілер тобының жеке бюрократия сәресі 2019 жылы қазан айында облыстық жастар ресурстық орталығы ғимаратында орналастырылып, алғаш рет «Косплей party» ұйымдастырылды. Кешке келген жастар кітап және кинофильмдердің кейіпкерлерін сомдады. Шығармашылық шара жылына 1 рет дәстүрлі түрде өтетін болды. Сол жылы клуб мүшелері «Ең үздік жаңа бастама» номинациясымен облыста аймақ басшысының дипломімен марапатталды. Ал 2020 жылы біз медиаға көшікті, «YouTube» та қанал ашып, барлық саламен ақисыз байланыс жасадық. Клубтың нетворкинг жүйесі бойынша серіктестері ретінде облыстық ішкі саясат басқармасы, облыстық білім басқармасы, «Қоғамдық желісі», «Облыстық тілдерді оқыту орталығы» мекемелері, облыстық жастар ресурстық орталығы, IT Park Qyzylorda, «Jas Olan» жастар қанаты, Ө.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана, қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі және Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Орда» жоғары колледжі, «КітапАл» кітап дүкендер желісі мен Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы Қызылорда облысының жастар ісі секторы қолдау көрсетті.

– **Клуб жұмысы қала аумағында шектеліп қалмады ма? Аудан, ауыл жастары қамтылды деп айта аласыз ба?**

Талғат Мәңдібаев: Иә, біз клуб жұмысын аудандарда жалғастыру үшін ішкі саясат бөліміне ұсыныс тастадық. Аудандардың ішінен тек Қазалыда ғана клуб жұмысын бастады. 2020 жылы «YouTube» желісінде «Көзекті құрттану» атты подкаст жобасын бастадық. Бұл жерге кейіпкерлерді шақырып, сұхбат ұйымдастырдық. Қаралым саны көп болмаса да, өзіміз үшін қызық бастама болды. Өткен жылы интеллектуалды сайыстарға көп келін бөлік. Айына бір рет дәстүрлі түрде «Кітап сыйла» акциясы ұйымдастырылып, акциядан жиналған кітаптар түрлі мекемелерге сыйлыққа берілді. Айта кетейік, осы уақытқа дейін 1000-ға жуық кітап табысталды. Осы тұста облыстық мәслихат депутаты Мәжхан Ералиев бізге демеушілік жасағанын айта кетсек. Осылайша біз ортамызды кеңейттік.

Өткен жылдары тағы бір ерекшелік, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ректорының қолдауымен оқу орнының базасында орналасқан «Қосымша білім беру» орталығына курс ретінде тіркелдік. Университет студенттері клубқа мүше болып, тегін кеңес ала бастады. Қазір «Кітап құрттары» облыс көлемінде жұмыс жасауда. Биыл клубтың үш жылдығын атқарып болған соң бастаманы жастардың жалғастыра бергенін көрдік. Өрі қарай идея даму үшін оны басқа адамның жалғастыруына жол бергенім дұрыс деп таптым. Осылайша клуб жетекшілігін «Ақмешт» гуманитарлық-техникалық институтының студенті Досым Әділханға тапсырдым. Досымның көзқарасы ұнады, өзіндік айтар ойы бар азамат болғандықтан оны қолдадық. Досымда адамдармен охбат құра алатын, өзінің ізнен ерте алатын көшбасшылық қасиет бар. Менде клуб өрі қарай да «өмір сүрсе», жұмысы мұнымен тоқтап қалмаса екен деген ой бар. Адамдардың қымыс көлігімен емес, кітап сөресімен мақтанғанын қарар еді оны қолдадық. Шешімді тандағалар жоқ, ол клубтың жетекшісі бола алатын, осы мақсатты жүзеге асыра алатын лайық азамат.

Талғат Мәңдібаев, Досым ӘДІЛХАН, «KQ-Kitar Qurtary» кітап клубының жетекшілері:



– **Қазір клубтың жүзге жуық мүшесі бар. Досым, алдағы уақытта қандай жаңа жобалар болуы мүмкін? Алдымен өзін жайлы оқырманға кеңірек таныстырып өтсең...**

Досым Әділхан: «Ақмешт» гуманитарлық-техникалық институтында дипломатия мамандығының студентімін. Бұған дейін БҰҰ-ның балалар қоры ұйымдастырған халықаралық жарысында Қазақстан бойынша командалықпен жүлделі орын алдық. «Кітап құрттарының» мүшесі болдым, оның қоғамда өзіндік орны болған соң жауапкершілікті айқын сезінудемін. Байқасаңыз, қазір жаңа толқын есіп келе жатыр. Олар шет тілін меңгеруге қызығады. Сондықтан біз жастарға бағдар бере отырып, өзге елдің адамдарымен бірге байланыс орнатуды қолға алмақшымыз. Жастар – елдің болашағы, сондықтан оларды көзден бастап дайындау керек. Қазіргі кезде жаңа құрам жасақтап жатырмыз. Ол интеллектуал, жан-жақты жастардың шоғырын одан өрі кеңейтеді деген сенім мол.

Талғат, осыған дейін клубтың жұмысы қалай жүргізілді? Кітапты онлайн түрде талқыладыңыздар ма? Жалпы кітап оқу жүйесі қалай қалыптасты?

Талғат Мәңдібаев: Ең бірінші клубқа келген адамға «Жақсы көріп оқыған кітабың қандай?», «Қазір қандай кітап оқып жатырсың?» деген екі сұрақ қоятынбыз. Содан кейін барып біз кезең-кезеңімен кітаптарды оқып бастадық. Алдымен грек аңыздары, француз әдебиеті, ағылшын, орыс, қазақ әдебиеті деп әр аптаға белгі оқытын болдық. Бірақ тақырыптың бәрі кітаптың аясында болған соң қызығушылықты жоғалтып аламыз ба деген оймен кино көре бастадық. Одан бөлек оқырмандар арасында демеушілер көмегімен конкурс өткізуді қолға алдық. Топтың отырысы әр аптаның сенбі күні өткізілді. Жастардың кітап оқуға қызығушылығы арттыру, кітап оқуды насихаттау мақсатында отырыстар көпеліп түрде өткізілді, яғни отырыс өткізілетін орындар ауысып тұрады. Топ ашылған күннен бастап барлығы 44 отырыс өткен. Сонымен қатар Open air форматында да шаралар дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Біз ешкімді үгіттемейміз, жастарды клубқа шақырамыз, ал таңдау өркімнің өз еркінде. Кітап оқыған адам ақылды болып кетеді, оқымаған адам топас болады деген сөз емес. Кітапты оқымай-ақ үлкен жетістікке

– **«Жастар кітап оқымайды» деген пікір жиі айтылады. Бұған бөлек, кітап клубының облыста кеңінен танылуына сіздің білім саласындағы тәжірибеңіз әсер етті ме?**

Талғат Мәңдібаев: Үлкендердің жастарды кітап оқымайды деп сынауы өз қателігі деп ойлаймын. Егер бізге бағыт-бағдар көрсетіп, өзі қолына кітап ұстап автобуста жүрсе немесе кітапты насихаттап жүріп, «жастар кітап оқымайды» десе түсінуге болады. Бір жағынан, кітапқа қазір ұялы телефон, әлеуметтік желі

балаларды жақсы көремін. Олардан түбі бірнәрсе шығады деп үміттендім. Осылайша клуб құрыла бастаған сәтте инстаграмда парақша ашып, ақпарат тарата бастадық. Түрлі сала бойынша адамдар жинала бастады. Бір жақсы жері, бұл клуб қандайда бір қаржымен құрылған жоқ, ешкім құжат сұрамайтын бастама болған соң біз де емин-еркін жүрдік.

– **«Кітап сыйла» акциясында оқыл болған кітапты өзгеге сыйлайтындырыңыз жайлы айтқаныңыздар. Үй жағдайында кітап қорын жинақтаңыздар ма? Өздеріңіз кітап оқуға күнделікті уақыт бөлесіздер ме?**

Досым Әділхан: Кітап сыйлау – алдымен өзіне қуаныш сыйлайтын дүние. Өйткені кітап үйде тұрғандықтан оған пайдалы болғаны артық. Ал жағдайда бір туынды өзіме қатты ұнаса, үйде қалдырамын. Мен кітапты жанға бөлмеймін, қайсысы ұнаса соны оқи беремін. Көп жағдайда жолда жүрген кезде, ас ішкенде кітап оқуға тырысамын. Шамалы уақыт болса да, кітап оқығанда жаңың рахаттану қажет. Өзінді кінан оқудың қажеті жоқ.

Талғат Мәңдібаев: Мақтанғаным емес, бірақ менде бос уақыт жоқ. Танертен жұмысым әдейі автобуспен баратын. Кітапты автобуста шамамен 20 минут оқуға тырысамын. Түсіліп үзіліс кезінде, жұмыстан жаяу қайтқанда, іс-сапарда, түнде кітап оқуға 1-1,5 сағат уақыт арнаймын.

– **Қазір әлем әдебиеті қазақ тіліне аударылып, оқырман үшін қолжетімді бола бастады. Оқырман ретінде аударма сапасына қандай баға берер едіңіздер?**

Талғат Мәңдібаев: Аударма кітаптар жайлы ешнәрсе айта алмаймын, өйткені түпнұсқамен таныс емеспіз. Бірақ қазақшалан дыруды қуана-қуана қабылдаймын, себебі әлем классикасы оқыған жақсы. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында қазақшаға аударылған кітаптардың ішінен бірнешеуін оқыдым, аудармасы көңіл көншітеді. Бұл жерде салаға мән беру керек, өйткені ғылым тілі мен публицистика өкі түрлі. Мысалы, ғылыми тілдің қазақша баламасын тауып, аудару қиын.

Досым Әділхан: Мен «100 жаңа оқулықтың» ішінен «Халықаралық құқықты» оқып шықтым. Кітаптың мазмұны жақсы. Бірақ аударма жолма-жол жасалған. Көбіне көркемдік жетіспейді. Бірақ сондай әлемдік деңгейдегі кітаптың бар болғанына қуанамын.

– **Талғат, «Кітап құрттарының» жұмысымен енді Досым жалғастырмақ. Ал өзіңіз қандай жаңа бастаманы қолға алмақшысыз?**

Талғат Мәңдібаев: Өзірге ағылшын тілі клубын құру ойымда бар. «Кітап құрттары» сынды тегін, еркін форматта тілді өзімізге-өзіміз үйретеміз. Мысалы, ағылшын тіліндегі өлеңді аударамыз, түсінгенімді ағылшынша жеткіземіз, бұл жерде сөздік, грамматиканы қамтымыз. Келесі жылы кино үзіндісінің түсінгіні сұраймыз, бір отырыста грамматикадан тест деген сынды ережесіз тіл үйренеміз.

– **Сұхбаттасқандарыңызға рақмет!**

Сұхбаттасқан: Гүлдана ЖҰМАДИН

жеткендер бар, кітапты оқып дым істемей жүргендер бар. Сондықтан кітап – бір-бірімізді танып, демеудің себебі. Кітапты әр адам мақтанғы үшін емес, өзі үшін оқыды.

айналдырдым, содан бәрі «қандай кітап оқып жүрсің?» деп сұрайтын болды. Осылайша балаларға кітап оқытын мұғалім ретінде танылдым. Сосын маған басқалар тарап «ойламайтын» балалар ұнайтын, сөзге жиі келіп қалатын бұзықтар мен үндемейтін

Бірнеше жыл бұрын TikTok туралы ешкім білмейтін еді. Жұртшылық үшін TikTok жасөспірімдер билейтін немесе көңіл көтеретін ортаңқол платформа қатарынан табылған. Дегенмен бүгінде TikTok Instagram және YouTube-пен бәсекелесе алатын әлеуметтік желіге айналды. Қазір TikTok блогерлері жұлдыз атанып, беделді брендтермен жұмыс істеп, контентін табысқа айналдырып отыр.

ЖАЗЫЛУШЫ САНЫ МАҢЫЗДЫ ЕМЕС

Мұнда бейнероликтің уақыты, лүпіл, пікір және қаралым саны роль ойнайды. Блогердің миллион жазылушысы бола тұра, ұсынған контенті бар болғаны 10 мың қаралым жинаса, нашар көрсеткіш саналады. Бұған қоса TikTok трендтері көзді ашып-жұмғанша өзгеріп отырады. Блогер жазылушыларына қызық контент ұсыну үшін үнемі ізденіс үстінде жүруі тиіс. Себебі сапалы контент – табысқа жетелер бірінші қадам.

TikTok-тағы ең белсенді аудитория – жасөспірімдер (13-17 жастағы пайдаланушылар), олар – ауди-

түсіріп, жариялайды. Екіншіден, тапсырыс берушінің қалауы бойынша белгілі бір өнімді жарнамалауға болады. Тапсырыс берушілер бұрыннан қалыптасқан сценарий бойынша жұмыс істеді, не жаңа сценарий ойлап тауып, сол бойынша жарнама жасауды ұсынады. Көбіне блогерлер постында тауар хэштегін пайдалану, өнімді көрсетіп, пікір білдіру, тапсырыс беруші компанияның слоганын айту арқылы

ТИКТОК-ТЫ ТАБЫС КӨЗІНЕ ҚАЛАЙ АЙНАЛДЫРУҒА БОЛАДЫ?



жарнама жасайды. Миллиондаған жазылушысы мен соған сай қаралымы бар блогерлерді жарнама берушілердің өзінше тауып алады. Жарнамаға тапсырыс алудың тағы бір жолы – жарнама биржаларына, немесе аккаунт туралы пост салу.

ТИКТОК ПЛАТФОРМАСЫ

1000 жазылушы бар болса, тікелей эфир (стрим) ұйымдастыруға болады. Блогерлер стрим барысында тауар немесе қызмет ұсынады.

Кей стримблогерлер виртуал монетаның арқасында табысқа келеді. Түсіндіріп өтейік, пайдаланушылар TikTok платформасында шынайы ақшаны виртуал монетаға ауыстырып, өз кезегінде виртуал монета арқылы стикер сатып алады. Сапалы әрі қызық контент ұсынған блогерлерге ризашылық белгісі ретінде стикер жіберуге болады. Әр жіберілген стикер құнының 80%-ы блогер қалтасына түсіп отырады. Айта кетейік, Қытай тұрғыны Мэн Лэйдін TikTok-тағы ойын стримі 22 миллион көрермен жинап, 167 мың доллар кіріс алып келген.

Қазіргі таңда TikTok пайдаланушыларының жаппай білікті мамандарға немесе сарапшыларға тіркелуі қатты байқалады. Белгілі бір салада көрген-түйгеніңіз көп болса, бұл әлеуметтік желі пайдаланушылары үшін оңтайлы курс ашып, вебинарлар жүргізіп, пайдалы конференциялар өткізуге болады. TikTok-та мұғалімдер мен дәрігерлердің, заңгерлер мен психологтардың парақшаларының көбеюі соған дәлел.

АВТОРЛЫҚ ӨНГЕ ВИДЕО ТҮСІРСЕҢІЗ ДЕ, ҰТАСЫЗ

Платформаның кемшіліктерінен артықшылығы көп. Жоғарыда аталған қиындықтарға қарамастан бұл әлеуметтік желіде табыс табудың жолы жетерлік. Мысалы, авторлық өнге видео түсіру. TikTok-та музыкалық тректер үлкен сұранысқа ие. Көсібі әншілер де, жас әншілер де авторлық өнін жарнамалау үшін ақша төлеуге дайын. Жазылушылар саны көп блогерлер гонорар үшін біреудің өніміне бейнеролик

Р.С. Егер сізге осы әлеуметтік желі ұнаса, күш-қуатыңыз бен уақытыңызды дұрыс жұмсай алсаңыз, идеяларыңызды жиі жаңартып отырасыз TikTok-ты тиімді табыс көзіне айналдыруға болады. Дегенмен Қазақстан нарығында TikTok үгерілмеген жер сияқты бос жатыр. Не егіп, қандай өнім алатыныңыз сіздің қолыңызда...

Жинақтаған: А.МАНСҰР



Ою-өрнекпен көмкерілген қыз жасауы, құрақпен безендірілген көрпешенің сапасы кәдімгі кәсіби тіпшілердікінен кем емес. Тіпшіде мін жоқ және оны тапсырыспен өлімдің түпкір-түпкіріне жөнелтуге болады. Туған күнге, басқа да маңызды даталарда жақыныңызды қуантуға болатын бұйымдар да бар. Арнайы жұмыс киімдері мен қолғапқа деген сұраныс айтарлықтай. Олар көбіне мұнай компанияларына жөнелтіледі екен.

– Ауыр ойдан арылу үшін тіпінді меңгеруге ден қойдым. Бар ықыласыммен кіріскен соң шығар

құныға соқпады. Қазір күніне 2 арнайы киім

тігемін. Барынша сапалы, жылы болуын ойластырамыз, – деген ойымен белісті жұмысшылардың бірі.

Сотталғандарды жұмыспен қамтып отырған «АС-КА» серіктестігі мамандарының айтуынша, «Айдан-Мұнай»,

«ҚазГЕРМұнай», «СиБу» және басқа да компаниялардың жұмысшылары бірнеше жылдан бері осы мекеменің дайындаған киімін тұтынады. Екі тарап өзара келісім-шарт жасасқан. Жазасын өтеушілерді кәсіпке баулудың тиімді тусы – уақытын тиімді өткізуге жол ашу, қолғабыс ету.

Темір тордың ар жағына тоғытылған азаматтар жұмыс істеп, еңбек ақысын туған-туысына салып жібереді. Бұл туралы 3К-169-5 мекемесіне барғанда білдік. Қазір олар кәсіптің түр-түрімен айналысуда. Арнайы құрстан өтіп, жұмыстың қыр-сырын мамандардан үйренген.

Кәсіпкерлер әр жігіттің ынтасын байқап, үйренуге деген құлшынысының жоғары екенін жасаймады.

Олар жұмысты тиянақты, әрі ұқыпты жасайды деген пікір көп. Қазір олар қыстық, жаздық арнайы киімдермен қатар мезгілге сай жұмыс қолғаптарын тігуді жалғастыруда.

– Арнайы киімдерді, қолғаптарды да өздері тігеді. Жұмыстарына көңілім толады. Жігіттердің іске келгенде жауапкершілігі жоғары. Аяқталуы тиіс уақытына дейін бітіріп береді. Жалақысы уақытылы төленеді, – дейді «АС-КА» ЖШС директоры Дина Махатова.

Мөлдір САБЫРЖАН

Кәсіпкер – 15 жылдық тәжірибесі бар аспаз ғана емес, қаладағы белгілі мейрамхананың келушілер көңілінен шығуына атсалысып жүрген ізденімпаз маман. Талай жылдан бері осы кәсіптің қыр-сырын меңгеріп, ыстығы мен суығын көрген ол бүгінгі күні өз өнімін шығаруды қолға алған. Қазіргі таңда оның цехында «Veranda street» брендімен ет өнімдері, халал сертификаты бар шұжықтар, жартылай фабрикат, салаттар, консервілердің 72-ден астам түрі өндіріледі. Айта кету керек, халал белгісі – Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы «Халал өнімдерін стандарттау» бөлімінің сертификатын алған өндіруші тауарының қаптамасына қолданылатын, өнім сапасы мен оның қажетті талаптар мен стандарттарға сәйкестігін тікелей растайтын арнайы әмбебап таңба. Бұл таңба өндірілген дайын не жартылай дайын тағамдарда талапқа сай тазалықты сақталғанын, қорықпай тұтынуға болатынын көрсетеді.

Өткен жылы Байқоңыр «ӨКК» АҚ-ы бәсекелесі көп, бәсі биік кәсіппен айналысып жүрген Василиймен бірлесіп, қалада ет және консервіленген өнімдер, жартылай фабрикаттарды өндіру және сату бойынша «KZO Food» ЖШС кәсіпорнын құрды. Қазір аталған цехта күніне 500 порция салат, консерві, шұжықтар шығарылады. Өндіріске шикізат ретінде негізінен жергілікті өнімдер қолданылады. Өнім өңірмен қатар Оңтүстік Қазақстан облысына да сатылымға жіберіледі. Іске асырылып жатқан жоба негізінде 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Кәсіпкердің айтуынша, өнімге сұраныстың артуына байланысты цехты кеңейтіп, кәсіби персонал санын 3 есеге арттыру жоспарлануда. Әмбебап аспаздар мен білікті дашыларды табу қиындық туғырады екен. Себебі колледждердегі кәсіби арнаулы білім ескі кестістік жүйенің шеңберінде қалып қойған. Осы мәселеге

Технократтық көзңе қадам басқан сайын сан түрлі сала жойылып, кейбірі қажетсіз саналса, қалғаны қоғам қажеттілігін қамтамасыз ету үшін жаңа өзгерістерге бейімделіп жатыр. Соның ішінде екінші бірі бара бермейтін бизнес саласында өзгерістер орын алып, тамақтану орындары мен қонақүй кәсібі жаңа тыныс алуда. Мейрамхана сөзі XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қолданысқа еңсе, тұңғыш рет франциялық тавернде 1767 жылы қой өтінің сорпасын ұсынған Буланже мырза мейрамхананың атасы атынып кетті. Қанша ғасыр өтсе де қажеттіліктен түспейтін, маңыздылығын жоймайтын мейрамхана ісін дөңгелетіп отырған қызылордалық Буланже – Василий Огай есімін тұрғындар білмегенмен, оның қолынан шыққан тіл үйірет, талғамнан шығар түрлі тағамның дәмін татып көргені анық.

МЕЙРАМХАНА ІСІНІҢ МЕКТЕБІ



байланысты заманауи, әмбебап әрі өзгеріске бейім, әлемдік стандартқа сай мамандарды дайындауды қолға алып, жеке оқу орнын ашуды болашақ мақсаттарының қатарына енгізген. Сонымен бірге қазір қызмет көрсетіп жүрген тұрақты мамандар үшін де үнемі білімін жетілдіріп, кәсіби біліктілігін арттыру шарт. Компания қызметкерлері өткен жылы Санкт-Петербургте оқып келген.

«KZO Food» жобасы үшін Василий өз қаражатының 75 процентін салса, қалған 25-ін «Байқоңыр» «ӨКК» АҚ-ы қаржыландырған. Бүгінгі таңда «Байқоңыр» «ӨКК» АҚ-мен бірлесіп сатып алынған жабдықтар өнім көлемін 10 есеге арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Соңғы жылдары қолдануға тыйым салынғанына қарамастан заңды құлаққа ілмей, табиғаттың жағдайын жөңсіз бұзып, сексеуіл ағашын кәсіпкерлік бағытта қолданып жүргендер қатары азаймай тұр. Мәселен, өткен

жылдың өзінде осыған байланысты 2,6 млн теңге көлемінде айыппұл түскен дерек бар. Ал Василий – бұл мәселеде көпке үлгі болып, туған өлке мен табиғаттың жанажыры болып жүрген азамат.

– Ағаш көмірге көшкенімізге үш жыл болды.

Көмір сексеуілден қымбат емес. Отын тұр ауысса да, етті стейктердің дәмі өзгерген жоқ, тұтынушылармыз да азаймады. Есесіне туған жердің табиғатына немісқайлық танытпай, пайдалы нәрсені таңдағаныма қуаныштымын. Кәсіпкерлерді, тұрғындарды сексеуілді, өңірдің табиғи байлығын бүлдірмеуге шақырамын, – дейді ол.

Дина БӨКЕБАЙ

Бүгінде 40-45 жаста-ақ катаракта немесе глаукомасы бар науқастар саны аз емес. Миопия «жасарды». Бұрын ең ертерсі 5-6 жаста анықталатын миопия 3 жаста анықталатын жантүршігерлік мысалдар кездесуде. Бұл көру жүктемесінің күшеюінен дейді мамандар. Балаларды мектепке ерте дайындау, жалпы білім беру реформасы, яғни мектептердегі бағдарламалардың қиындауы да себеп. Ендеше, техника төрелік құрған әлемде көздің көру қабілетін қалай сақтауға болады және көз ауруының алдын алу үшін не істеу керек? Бұл сұрақтарға №3 қалалық емхананың окулист-офтальмологы Айманат Байкүлтегенова былай жауап берді.

«Қазір миопия түрі мен көздің қабынуы жастар арасында жиі кездесіп отыр. Бұл – көру қабілетінің төмендігі.

арасында созылмалы ауру көбейген. Артрит, ревматизм, «жасарып келе жатқан» қант диабеті көз ауруларының асқынуына алып келеді. Ал көз ауруы ағзадағы өзгерісті білдіреді, яғни иммунитет бұзылуы, қанға инфекцияның түсуі немесе ағзаның басқа мүшелеріндегі ауытқушылықтар көру қабілетін нашарлатады. Осының барлығын ескеру керек», – дейді дәрігер.

Сондай-ақ, «көзіңгі ұрпақтың лазерлік отаға тәуелді болып қалу қауіпі қаншалықты?» деген сауалға маманның пікірін білдік. Айтуынша, жастар қазір кітапханада емес, интернетте отырады. Процесс басталып кеткенде ғана көз қадірін түсінеді. Заманауи смартфон, гаджет өмірді жеңілдеткенмен, өкініш жағынан зиян келтіреді. Сондықтан бала кезден көзді қорғау керек. Ата-аналар да уақыт тауып, үйде жарықтандырудың дұрыс болғанын, баланың дұрыс

дайын болып, қажеттілік туындаса емдеуден өткен жөн. Косметологиялық ота болған күннің өзінде дәрігер алдымен тексерістен өткізеді. Бірақ лазермен жасалған отадан кейін қабыну процесі болмайды. Отаны 18-20 жастан бастап жасатқан дұрыс. Құны – 400-500 мың теңге көлемінде», – дейді маман.

Бұған қоса көз ауруының арасында тұқым қуалайтын түрлері бар. Олар туа біткен катаракта, тұқым қуалайтын немесе туа біткен миопия. Торлы қабаттың түрлі дегенеративті аурулары, торлы қабаттың ісігі, яғни ретинабластома да тұқым қуалайды. Ал ересектердің арасында кездесетін аурулардың бірі – глаукома. Көзіңгі қарауытып, көру өткірлігінің төмендеуі түрлі себептерге байланысты пайда болуы мүмкін. Катаракта, яғни көз бұршағының бұлыңғырлануы бұның бір себебі. Ересектерде катаракта



Көз ілінгенше және ұйқыдан тұра салысымен іздейтіміз – телефон. Жұмысымыз да компьютермен тығыз байланысты. Одан қалды көшкілік бір мезгіл теледидарға үңілетіміз бар. Көз тынықпайды, ал сақтыққа мән беріп жатқанымыз бірен-саран. Оның неге әкеп соғатынын шамаламаймыз. Мамандардың дабыл қағуының кемі жоқ. Себеп біреу – көз ауруының дендеуі. Әсіресе, қазір балалар мен жасөспірімдер арасында ахуал өршіп тұр...

адамдар немесе тұқымда глаукома кездесетіндер офтальмолог қабылдауында жиі болғаны дұрыс. Тұрғындар арасында жиі байқалатын көз сырқаты – глаукоманы зерттеу және ем нәтижелерін салыстыру үшін көз іші қысымы жиі өлшенуі керек. Көру жүйесінің дискін, көз түбін, көру кеңістігін де тексеру маңызды.

Бір сәтке көзіңді жұмып, өмір бойы су қараңғыда өмір сүремің деп ойланyp көріңізші. Шынында қорқынышты. Сондықтан көз келген жағдайда дәрігерге қаралыңыз! Біз жіктеген маман кеңесі де пайдаңызға жарайды деген үміт басым.

Гүлжанат
ҚАДЫРБЕКОВА

КӨЗ КҮТІМІНЕ АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

• Белмеге жарық біркелкі түсуі керек және жарықтың қаптадан түскені қолайлы. Сондай-ақ бөлменің төбесі қабырғасына қарағанда ашық болуы тиіс.

• Бала жазу жазып, кітап оқығанда үстелдің орналасуына мән беріңіз. Жарық баланың сол жағынан түскені дұрыс. Орындықтың биіктігі арқаға ыңғайлы, баланың бойына сәйкес болсын.

• Көру гигиенасын сақтауға керек. Жазу жазып, кітап оқығанда фокустық қашықтық шамамен 30-35 сантиметрден кем болмауы тиіс.

• Компьютерде 1-2 сағаттан артық отырмауға тырысыңыз. Ал баланы жарты сағаттан артық отырғызбаңыз. Дұрысында экранның жоғарғы бөлігі көздің түсінен төмен тұруы керек. Жұмыс арасында мүмкіндігінше 5-10 минут үзіліс жасаған жөн.

• Үзіліс кезінде көзді жоғары-төмен, оңға-солға айналындыра қозғалту, терезеге қарап, алысқа көз жіберу, одан соң жаңына көз салу секілді көз жаттығуларын жасаған дұрыс.


• Көру қабілетін сақтауда тағам өнімдерінің де маңызы зор. А, В тобы, Е, С дәрумендеріне бай тағамдарды көбірек тұтынған пайдалы.

Онлайн режиміндегі сабақ та оқушылар үшін кері әсер етті. Көбіне оқушылардың көру қабілетінің төмендегенін мектептердегі медициналық тексеру барысында анықтаймыз. Арнайы кеңес береміз, көзділдік киюге шақырамыз. Оны пайдаланбаған жағдайда көру қабілеті одан әрі нашарлап кету қауіпі бар. Сонымен қатар жастар

тамақтануын қадағалау қажет.

«Лазерлік түзету жайлы айтар болсақ, ол – көздің мүйізді, яғни, қараңғы қабығы, шынайы қабаттың ортаның бөлігіне әсер ететін отаның түрі. Көзділдік тағу немесе жанаспалы линза салудың қарсы көрсетілімі болған жағдайда көзді осы жолмен түзетуге тура келеді. Ол үшін ағза мінсіз

жалпы жас ұлғауына байланысты дамуы мүмкін. Сонымен қатар көздің қабыну ауруларында, миопияда, глаукомада, көздің жарықтарында катаракта дамиды. Жалпы ағзаның соматикалық ауруларында да, мысалы қант диабеті сияқты және басқа соматикалық ауруларда да катаракта дамуы мүмкін. 40-тан асқан



Дегенмен, бұл бірнеше құжат көрсетіп, қолдауға қол жеткізу деген сөз емес. Оның үстіне жалған мәліметтің алдын алу үшін бағдарлама операторы ретінде Отбасы Банкі бекітілген. Аталған қадам тегіннен-тегін қабылданбағаны анық, банк мемлекеттік акпараттық жүйелермен интеграциялау арқылы кезекте тұрғандардың үйге мұқтаждығын тексереді. Сондай-ақ көмек алу үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалануға болады. Отбасы Бані төлемдерді тағайындауға арналған өтініш пен пәтер жалдау шартын бекіткен соң отбасы құжаттарын тексеріп, 10 жұмыс күні ішінде қаражатын есептейді. Министр ұсынған жоба жүйесі осыған саяды.

«Азаматтардың жекелеген санаттарының мәселелерін жедел шешу үшін мемлекет басшысы тұрғын үйді нарықтан жалға алу үшін төлем жасау тегінін өзіндік тапсырды. Осыған сәйкес министрлік өлшемдер мен талаптарға, сондай-ақ жалдау мөлшерлемесінің шекті құнына қатысты ережелер әзірледі. Биыл 70 мың азаматты қолдауға 50 млрд теңге бөлу қажет. Республикалық бюджетке жүктемені азайту үшін жергілікті бюджеттерден қоса қаржыландыру қажет болады. Тұрғын үй төлемдері бағдарламасын толық іске қосуды биыл мамыр айына жоспарлап отырымыз.

70 мың өтініш берушінің табысы өте төмен, яғни ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз. Оның ішінде 51 мыңы – көпбалалы, 10 мыңы – мүгедек, 7 мыңы – мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасы және 2 мыңы – жетім балалар. Оларды қысқа мерзім ішінде

баспанамен қамтамасыз ету жоспарланған отыр. Осы мақсатта ҚР ИИДМ және тұрғын үй қорынан жалға алынған баспана үшін төлем тағайындау қағидаларын өзіндік», – деп айтылған министр баяндамасында.

Расында, атаулы көмектің баспанасыз тұрғындарға пайдасы мол. Айлық табысы пәтер жалақысына жетпеген қаншама азамат тұтын жалағалап, тұрмыс тауқыметін тартып келеді. Ал иі қадам жүзеге асса, халықтың да пәтер жалдауға мүмкіндігі артады еді. Жаңа жобаны есті сала халық та әлеуметтік мәселе бір күнде шешілердей сеніммен қарап, әлеуметтік желіде өзі-пікір білдірді.

– Отбасымен жалдамалы пәтер жағалап жүргеніме 10 жылдай болды. Үй салуға немесе сатып алуға өзіндік шамамыз келмейтін секілді. Ақша жинағанмен, түрлі мұқтажды шығып, жұмсалып кетеді. 4 балам мектепте оқитын болғасын жылдағы мектеп формасы, оқу-құралының өзіндік қажеті қаражат. Оның үстіне азық-түліктің бағасы да қалтаға ауыр тиіп жүр. Осының барлығы жалдамалы пәтер жағалауға түрткі болды. Мемлекет тарапынан мұқтаж отбасыларға қолдау болса, жеке үй алуға қаржы жинауға да мүмкіндік туар еді. Ай сайын төлеуге тиіс қаржының жарты бөлігі азайса, бұл да бір көмек, – дейді қала тұрғыны Жанболат Құсайынов.

Осы орайда «таяқтың екінің ұшы» байқалады. Министр айтқан жоба өзі жүзеге аспаса да кей пәтер иелері жалдау ақысын 20-30 процентке көтерген көрінеді. Оны аталған хабар тараған күннен бастап ғаламтордағы жалдамалы

баспана бағасының күрт өскенін-ақ аңғаруға болады. Мұның барлығы мұқтажға жәрдемдесуге арналған бастамадан артық пайда көрмек адамның ісі екені анық. Сондықтан билік азаматтардың әлеуметтік деңгейін тексеруден бөлек, жалдамалы пәтер иелерінің ақыны жөнісін көтермеуін де ескеру қажет секілді. Өйтпесе, көмектен дәмелі халық «оттан шығып, шоққа түскендей» болмасына кім кепіл?

Еске сала кетейік, қазіргі таңда ел көлемінде 500 мыңға жуық адам тұрғын үй кезегінде тұр. Ал оның ішінде 210 мыңы 1 және 2 топтағы мүгедектер, жетім балалар немесе мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған және көпбалалы отбасылар.

СЫРДАҒЫ ҚАРҚЫН ҚАЛАЙ?

Ал аймақтағы ахуал қай деңгейде? Облыстағы тұрғын үй құрылысы мен баспанамен қамту ісі қалай жүргізілуде? Қанша азамат баспаналы болды? Осы сауалдарға жауап іздеп көрейік.

Соңғы уақытта облыс тұрғындарын баспанамен қамту ісі қарқын алғанын байқау қиын емес. Тұрғын үй кезегіне тұрып, еңшілі баспанасына ие болған азаматтарды да жиі естиміз. Әлеуметтік желіде сүйіншілеп, қуанышты хабарды жеткізген желі қолданушылар ай сайын назарға ілінеді. Бір ғана Қызылорда қаласының өзінде Сырдария өзенінің сол жағалауына салынған жаңа қаладан шаңырақ бұйырған азаматтар қаншама?! Олар жаңа үйге қол жеткізіп, жаңа қаланың тарихын қалыптастыруға күш салуда. Өткен жылдың өзінде аймақ басылысы

тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесі аясында Арап, Қазалы, Қармашы және Жалағаш аудандарында 111 пәтер кілтіп табыстанған еді. Басым дені көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасылар. Сондықтан әлеуметтік осал топқа пәтер табыстау жұмысында ілгерілеу байқалады деуге толық негіз бар.

Жалпы Қызылорда қаласында 26 мың адам үй кезегінде тұр. Биыл жергілікті әкімдік алдымен көпбалалы, тұрмысы төмен отбасыларды баспанамен қамтуды назарға алған көрінеді. Тіпті жыл соңына дейін 500 пәтерді кілті табысталап, 1370 отбасы жаңа қонысқа ие болмақ.

Орайы келгенде айта кетейік, тәуелсіздік алғалы облыста 8 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген екен. Бұған қарқынды тұрғын үй құрылысының септігі тиені сөзсіз. Биыл да облыс орталығында 2170 пәтерлі 46 көпбалалы тұрғын үйді құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде қалада өткен жылы құрылысы басталған Сырдария өзенінің сол жағалауындағы – 12, СПМК-70 тұрғын ауданында ипотекалық 12 тұрғын үй де бар. Ал жеке инвесторлар есебінен 9 үйдің құрылысы жүргізілуде.

Р.С. Баспана – басты мәселе. Осы көмешіліктің сапаларынан қаншама отбасы жанжалдасып, үйі болмай, тентіреген жастың қатары артқанын білеміз. Бұл жайдың үйдегі ұрыстан бөлек, бала психологиясы мен әлеуметтік көңіл-күйге де әсері мол. Сол себепті, мемлекет қолға алған жоба жүзеге асса, талай түйткілді мәселе шешім табады деген сенім мол.

Берен ШАҒЫРӨВ

Бір жыл бұрын әлеуметтік желіде әйгілі спортшы Конор Макгрегордың жүрісін салған Талант Әлі бір күнде танымал болды. Тіпті Макгрегордың өзі қазақ баласының бейнежазбасын 44 миллион оқырманы бар инстаграм парақшасына жүктеп, «О, жасаған! Мына бала миллиардтаған доллар тұрса керек» деген жазба қалдырды. Жас таеквондошының отбасымен әңгімелесіп, Талант жайлы егжей-тегжейлі білген едік.

Макгрегорбы таңғалдырған Талант



Талант небәрі 8 жаста. Бірақ 5 жасында әкесі үйінің жанындағы таеквондо үйірмесіне апарған. Осы аралықта ол 10-нан астам республикалық, облыстық деңгейдегі жарыстарда бақ сынап, жүлделі кайтқан. Әлі бейнежазба да соғыс әрдагері Мұсахан Қалмахановты еске алу құрметіне өткен халықаралық турнирде түсіріліпті. Өкесі Бақытжан Әлідің айтуынша, оны желіге Таланттың бапкерлері жүктеген.

— Ұлыммен бірге теледидардан спорт бәсекелерін жиі қарайтынбыз. Конорды сол бағдарламалардан көріп, жанқиярына айналды. Уақыт өте спортқа қызығушылығы артып, жаттығу залына апаруымды сұрады. Қазір аяқ алысы жаман емес. Қатысқан сайыстарында жүлдегер атанып жүр. Соның бірінде жарыс алдында қарсыласын тура Конор секілді шақырып, танымал спортшының қимылын айнытпай салған. Ол әрекетін бапкерлері түсіріп алған.

Осылайша, жазба әлеуметтік желі арқылы таралып, Макгрегордың өзіне жетіпті. Өте қуаныштымыз, — дейді Бақытжан Әлі.

Әңгіме барысында жас таеквондошыны Ербол Бейсенбай жаттықтыратынын білдік. Бапкері Талантқа үлкен сенім артып отыр. Бағындырар шыңы әлі алда деп біледі.

— Жаттығу залында менен бөлек Нұрлыбек Сухан, Гүлмырза Мәжіков, Әкежан Ертаев есімді бапкерлер бар. Талант бәрімізді

таңқалдырғаны рас. Оның бойында ерекше спорттық рух бар. Әрдайым жеңіске жетуді ойлайды. Келесекте еліміздің атын әлемге танытады деген үміттеміз, — дейді ол.

Атына заты сай балақайдың алға қой-

ған мақсаты ауқымды. Өзіне сенімді. Өкесінің «Конор шақырса, барасың ба?» деген сауалына «Егер олай болып жатса, мен бармаймын. Бірақ Конорды өзім Қазақстанға шақырамын» деген жауабынан байқалады. Талант — оқуда да озып, Талапы таудай жетістіктері одан әрі жалғасын тауып, алар асуы биік болатынына сенеміз.

МЕ?

Жасөспірімдер арасында спортты дамыту күн тәртібінде. Әсіресе, жұртшылық спорт секцияларының санын арттырып, саланы цифрландырудан жаңалық күтуде. Нәтиже қандай?

Мемлекет басшысы қыркүйектегі Жолдауында балалардың спортпен айналысуына жағдай жасаудың маңызына тоқталды. Осы тұста Мәдениет және спорт министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жаңа объектілер салуды, оны жұмыс істеп тұрған білім беру



орындарының базасында жаңғыртуды және қосымша жарақат-дыруды қамтитын

спорттық инфра-құрылымды дамытудың жоспарын әзірледі. Бұқаралық спортты одан әрі дамытуды көздептің дене

шынықтыру және спорт мәселелері бойынша Заң қабылданды. Атап айтқанда, дене шынықтыру даярлығының балалар-жасөспірімдер клубының және дөңгелік-дене шынықтыру диспансерлерінің желісін кеңейту, дене шынықтыру және спорт бойынша сабақтан тыс секцияларды жүргізгені үшін мұғалімдерге базалық лауазымдық жалақыдан 100 процент мөлшерінде қосымша ақы енгізу, білім беруің барлық деңгейлерінде дене шынықтыру сабақтарында ұлттық спорт түрлері бойынша міндетті компонент енгізу жөніндегі нормалар енгізілді. Сондай-ақ, спорт нұсқаушыларын штаттық бірліктермен қамтамасыз ету көзделген. Бұған қоса бұқаралық спортты насихаттау мақсатында «Қолжетімді спорт» бағдарламасын іске асыру жоспарланып отыр. Биыл бағдарлама Ақтау, Талдықорған, Петропавл, Семей және республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында іске қосылады.

«Алдағы уақытта бағдарлама барлық өңірде жүзеге асады. Оның шеңберінде скандинавиялық жүріс, жүгіру, гимнастика, йога, фитнес, стритворкаут, үстел теннисі, шаңғы жарысы және конькимен жаппай сырғанау спорттары қамтылады», — деді Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің бұқаралық спортты дамыту басқармасының басшысы Мейрамбек Махамбетов.

Басқарма басшысы журналистерге берген онлайн брифингінде өзге де мәліметтермен бөлісті. Айтуынша, өткен жылы республика бойынша спортпен жүйелі түрде 6 534 919 адам шұғылданды, бұл халықтың 34,28%-ын құрап отыр. Оның саны 2020 жылмен салыстырғанда 581 084 адамға көбейген.

Ендігі кезекте «Біздің өңірде спорт секциялары жеткілікті ме, жастар спортқа жақын ба?» деген сауалдарды тарқатсақ. Жауапты басқарма ұсынған дерекке жүгінесек. Қызылорда қаласындағы барлық спорттық нысандардағы секцияға тегін қатысуға мүмкіндік қарастырылған. 4-17 жас аралығындағы балаларға спорттық секциялардың барлық түрі қолжетімді. «Мүз айдыны» спорт кешенінде 615 бала грек-рим күресі, көркем



гимнастика, шайбалы хоккей, шорт-трек, манерлеп

сырғанау, волейбол, баскетбол сынды спорттың 7 түріне тартылған. Ал 2016 жылы пайдалануға берілген «Тарлан» спорт кешенінде 120 спортшыға арналған корпус, 24 орындық жатакана салынған. Кешен ашылғалы 20 ҚР спорт шебері, 78 ҚР спорт шеберіне үміткер дайындалды. Спорт кешенінде облыс намысын республикалық жарыстарда


қорғанған көптеген жоғары дәрежелі спортшылар дайындалған. Балаларды баптау үшін 3 жаттығу залы қаралған. Мұнда бокс, таеквондо, пауэрлифтингтен 350 спортшы шұғылданады. Сонымен қатар биылдан бастап жеке спорттық нысандарға баратын балалар үшін төленетін қаржыны жан басына қаржыландыру тәртібімен реттеу тиімділігін танытты. Бұл үшін облыстық бюджеттен 212 миллион теңге қаржы бөлінген. Нәтижесінде 2156 бала спорттық секцияларға қамтылды.

Қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Айбек Ормановпен тілдескенімізде де, спорт саласында ерекше серпін барын айтты. Қалада тұрғындардың спортпен арналған 684 спорттық нысан бар. Өткен жылы бөлімге қарасты Қ.Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубының спортшылары ел

және Азия чемпионаттарында, Әлем чемпионаттары мен кубоктарында 104 рет жеңіс тұғырынан табылды. «1420 қала тұрғыны тұрақты шұғылданады. Аз қамтылған, көпбалалы отбасындағы балаларға және қала жастарын қолжетімді спорт инфрақұрылымымен қамту бойынша «Евразия» (жүзу бассейні), «Мүз айдыны» спорт кешендеріне 12 480 адамға жолдана беріледі. Сондай-ақ, қалада орналасқан мемлекеттік спорт объектілерінде мүмкіндігі шектеулі спортшылардың дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін пайдалануы қарастырылған», — деді бөлім басшысы.



БЕЙЖІҢ – 2022: ОЛИМПИАДА БАСТАЛДЫ



Қазақстандық олимпиадашылар алғашқы жарысын бүгін бастайды. Олимпиада ойындарының ресми ашылу рәсімі 4 ақпанға жоспарланған. Алайда керлинг, фристайл, шайбалы хоккей сынды спорт түрлерін жарыстар 2-3 ақпанда басталды.

Фристайл-могулдан, Қазақстанның Юлия Галишева, Аяулым Әмренова, Олеся Граур, Анастасия Горюхо, Дмитрий Рейхерд және Павел Колмаков жолдама жеңіп алды. Бейжің Олимпиадасындағы фристайл-могулдан жарыс кестесі:

3 ақпан
Могул, әйелдер. Бірінші іріктеу.
Могул, ерлер. Бірінші іріктеу.

5 ақпан
Могул, ерлер. Екінші іріктеу, бірінші, екінші, үшінші финал.

6 ақпан
Могул, әйелдер. Екінші іріктеу, бірінші, екінші, үшінші финал.

БАЛАЛАР СПОРТЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТОҚТАМАЙДЫ



Осы аптада Мәдениет және спорт вице-министрі Серік Жарасбаевтың төрағалығымен өткен жиында балалар спортын қаржыландыру мәселесі қаралды. Серік Маратұлы мемлекеттік спорттық тапсырыс бойынша қызмет көрсетушілерге төленбеген қаражат пен бұзылға бөлінген қаржыға тоқталды.

«Балалар спортын қаржыландыру бағдарламасы бойынша арыз-шағым көп. Олқылықтың бары жасырын емес. Әрбіріне жеке тоқталып, жұмыс жүргізетін боламыз. Қала және өңір әкімдіктерін жергілікті спорт басқармаларының жұмысын жіті қадағалауын сұраймыз. Жоба жалғасын табатын болады. Балалар спортын, бұқаралық спортты дамыту басты мақсатымыз екенін тағы бір естеріңізге саламын», — деді ол.

Айта кетейік, республика бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңбері аясында спорт үйірмелерінде 162 208 бала спортпен тегін шұғылданады. Жыл соңына дейін 52939 баланы қамту жоспарда бар.

ЖЕҢІС ҚОЛДА



Германияның Инсбрук қаласында өтіп жатқан конькимен жүгіруден жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында Қазақстан әйелдер командасы жүлдегерлер қатарына енді.

Спортшылар командалық спринтте қола медаль иеленді. Бәсекеде Нидерланд алтын, Оңтүстік Корея күміс жүлде жеңіп алған. Бұл — аталған әлемдік сында Қазақстанның жеңіп алған екінші жүлдесі. Бұған дейін Алина Дауранова 1000 метрге жүгіруден күміске қол жеткізген болатын.

Бұдан бөлек, Бейжің төрінде конькимен жүгіруден ел намысын Надежда Морозова, Екатерина Айдова, Дмитрий Морозов, Иван Аржаников және Денис Кузин қорғайды. Қазақстан ұлттық олимпиада комитетінің мәліметінше, қазір спортшылар Қытайдың Ұлттық конькимен жүгіру стадионында жаттығуда.

Жер бетіндегі ұлттардың 3 процентінің ғана жеке мемлекеті бар десек, тәуелсіз ел ретінде мойындалған халықтардың да жалаңдану барысында жұтылу қаупі бар. Жапония сынды толықтай жапондықтардан ғана құралатын, ұлттық бұйымдары мен өмір сүру салтын әлі күнге дейін сақтап қалған мемлекет көпке үлгі. Осы орайда уақыт өткен сайын қазақстандықтардың да ұлттық бұйым, киім, әшекейлер мен ыдыстарға деген сұранысы артады. Соңғы жылдары ұлттық нақышта киіну сәнде болса, қазақлықтың бояуы көрінетін детальдарды

30 адам жұмыс істейді. Оның ішінде жобаның бір бөлігі ретінде қарастырылатын «этно-ауыл» ұлттық мәдени кешенінің жұмысын жандандырып жүргендері де бар. Сонымен аталған орталықтың басқадан басты ерекшелігі – қолөнермен айналысатын, атадан балаға мұра етіп, бүгінгі күнге жеткізе білер өз саласының үздіктерінің басын қосуда, «алтыдағы баладан алпыстағы қартқа дейінгі» қазақстандықтарды ұлттық нақыштағы тауарларымен қамтамасыз ете алуында. Барлық өнім мемлекеттік

тұтынушыға айналатыны сөзсіз. Гимараттың ішінде орналасқан жасауы дайын киіз үй, алтыбақан – фотосессия үшін таптырмас локация ғана емес, жанды жайлаңдарының орын.

ұлттық нақыштағы әшекей, сәукеле, көйлек, етік 20 мың теңгені құрайды. Жас жұбайларға екі ұлттық образ қосыл беріледі. Бағаға көпшіліктің қауыспасына қарай келісім жасауға болады. Ең бастысы – бізде талғамға қарай түрлі образ бар. Жалға алудан бөлек дайын қазақ киімдерді сатып алуға

ағаш ыдыстар мен бұйымдар да бар. Жүзік, білезік, өңіржіек, алқаншыл да түр-түрін табысыз. Ал тапсырысқа сай, оқуы немесе өзгеше детальді көрсе, киімдерді тігуде «Бағалар» машинасының еңбегі зор. Оның тілін білетін білікті маман Түркиядан арнайы келген Мурат Гүлтекиннің айтуынша, машина құрылымындағы бір шотырбаста 12 дана ине бар. Компьютерлік бағдарламалау арқылы қажетті өрнектер оңай жасалады. Одан бөлек лазерлік кесу арқылы сурет, түрлі күрделі оюларды салатын тағы бір машина бар. Мұндай технология облыс бойынша осы орталықта ғана қолданылады.

Аида Әбдіқайымқызының осы бағытта іске асып жатқан тағы бір жобасы – «этноауыл» мәдени кешені. Өткен жылы ашылған этноауылда Қырғызстаннан алынған англо-араб, Ресейден әкелінген араб тұқымды екі жылқы бар. Туған күн сынды атаулы күнді осында өткізіп, достарыңызбен бірге киіз үйде тамақтанып, демалуға болады. Тіпті күнделікті күйбең тірліктен қажығанда демалыс ретінде садақ атуға келіп, жылқымен шауып, белсенді өмір ерекше уақыт өткізуге мүмкіндік бар. Орталық та, этноауыл да фотозоналық кешен ретінде қарастырылғанмен ән мен күй тегіліп, сал-серілер сауық құратындай, қазақ бөп туғаны үшін тағы бір мәрте қуанатындай ерекше жайлылық сыйлайды. Жылдар алға жылжыса да, жалғартылмайтын ұлттық ерекшелігіміз ар қазақтың бойынан табылады. Тек содан қол үзіп қалмасқа екен.

Дина БӨКБЕАЙ,
Суреттерді түсірген
Н.НҰРЖАУБАЙ

ҰЛТТЫҚ КОЛОРИТ. АВТОРЛЫҚ ПРИНТ. ӘДЕМИ ЛОКАЦИЯ


пайдалану елден ерекшелену мен эстетикалық талғам үлесінен шығуының көрінісіне айналды. Соның ішінде өнерде ұлттық өнерді ұлықтап, өзгергенге де насихаттап, алғаш рет «Қолөнер» ұлттық нақыш орталығын ашқан Аида Керімқұлованың еңбегін елеусіз қалдыра алмаймыз. Қаладағы А. Байтұрсынов пен Төле би көшелерінің қиылысында орналасқан «Сара ка» жеңіл өнеркәсіп орталығы 2011 жылы құрылды. Бір айда 2000 дана мектеп формасы, 100 дана уәзату көйлегі сынды жөкелген немесе мемлекеттік тапсырыстарды жүзеге асыруға қауқарлы командада

стандарт талаптарына сай болғандықтан жоғары сапада жасалады. Орталық ұлттық нақыштағы көйлектерге, мектеп және офис формаларына, арнаулы жұмыс киімдеріне, жеке қорғау құралдарына қолжетімді бағада тапсырыс қабылдауда. Ұмыт қала бастаған ұлттық туындыларды жаңғыртып жүрген кәсіпкер Аида Әбдіқайымқызы әлеуметтік желіде тұтынушыға ұсынып отырған әр тауардың шығу тарихын, салт-дәстүрге қатысты маңызын түсіндіру арқылы жарнамалауды қолға алған. Ал бір рет тапсырыс берген жанның тұрақты



«Әдетте жас жұбайлар, отбасылық фотосессия жоспарлағандар бізге келеді. Кішкентай баладан қарт кісіге дейін арнайы ұлттық нақыштағы киімді табуға болады. Мәселен, жеке фотосессияда

немесе арнайы тапсырыспен тіктіруге болады», – дейді орталықтың атқарушы директоры Әли Кеңесұлы. Сонымен бірге орталықтан суретшілердің картиналарын, қолөнер шеберлерінің сазбалшықтан жасалған дүңгелерін көре аласыз. Тағамның құнарын сақтап, бойға бар нәрімен жеткізетін



ЖАС РЕЗИН АРТ ТАЛҒАМАЙДЫ

Табыс тапқыңыз келсе, кәсіптің түрі көп. Инстаграм әлеуметтік желісіндегі парақшаңызды дамытқаныңыздың өзі көмек. Мұнда тек сурет салып ғана қоймай, сауданың көркін қыздыруға мүмкіндік бар. Әсіресе, қазір желіде резин арт деген сұраныс көбейіп тұр.

Ол соңғы уақытта трендке айналды. Анығырақ айтсақ, эпокидті смолдан жасалатын өнер түрі жас талғамайды. Оның сән құр-сырын үйрену үшін бір айдың өзі жеткілікті. Мәселен, сағат жасау үшін айтарлықтай көп уақыт кетпейді. Тапсырысты да қорықпай алуға болады. Қолыңыздан шыққан дүние бағалы әрі заманауи үлгіде болса, тұтынушы көбейеді. Мұнымен қоса ерекше қабілетті қажет етпейтін дүние жан тыныштығын сыйлайды. Жақында эстрада жұлдызы Жұлдыз Әміргали бұл сала бойынша «Star resin art» курсы бастады. Білім алушылардың ең жасы 15-те екен.

– Бұрындары бір данышпан көмек сұрап келген кісінің қолына баула ұстақтан екен. Мұны түсінбеген біразы шұтпа, «Бұл қай мазғын?! Тамақ сұраған адамға балтасы несі?», деп кейісе керек. Бірақ данышпан Түсіне білген адамға бұдан тәтті ас жоқ деген. Өзі балтамен отын шауып, сатып, отбасын асыраған. «Балық берме, қармақ бер» деген де осыдан шығады. Желіде көптеген қыз-келіншектер өз ісін бастағасы

келетінін айтып, ой бөлісуді сұрайтын. Бұл бастама соның нәтижесінде «Дуниеге келді», – дейді Ж.Әміргали. Актриса әлеуметтік желі арқылы резин артта табудың 6 жолын да көрсеткен. Айтуынша, арнайы техникамен жасалған сағаттың бағасы – 25000 теңге. Ең қымбаты – 75-100 мың теңге аралығында. Бұл – басқа салаларға қарағанда 10% жоғары табысы бар деген сөз. Картинаға келетін болсақ, заманауи дизайнға резин арт техникасындағы картиналар үйлесімді. Клиент іздеп сандалмайсыз. Бұдан бөлек, резин арт техникасымен жасалатын ыдыстар ерекшелігімен, сұлулығымен көздің жауын алады. Ізденіспен жасалған үстел кез келген интерьермен үйлесім табыры сөзсіз. Мұндай үстелдер арзан тұрмайды. Бір сөзбен айтқанда, резин арт – релакс. Өйткені ойыныздағы дүниені өз қолыңызбен жасап шығару ерекше шабыт, қосымша табыс та әкеледі.

Мөлдір САБЫРЖАН

Кезекші редактор: Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

ЖҮЛДЫЗ - ЖОРАМАЛ (3 – 9 ақпан)

Тоқты
Көп жағдайда не болып жатқанын жаңаша түсінесіз. Өзгеру идеясы санаңызға терең енеді. Сіздің сырт келбетіңіз де өзгеріп, басқалардың назарынан тыс қалмайды. Сіз өзге адамдарға, жұмысқа, жалпы өмірге деген көзқарасыңызды жаңартып, жаңғыртасыз.

Торпақ
Барлық бағытта құлдырауды сезуіңіз мүмкін. Бірақ сіздің позицияңызды орқашан қорғайтын сенімді достарыңыз бар. Үйде сіз жақын адамдардан қолдау күтесіз. Бұл апта қажетті білімді толықтыруға, дене бітімің нығайтуға, келбетің жақсартуға ыңғайлы кезең.

Егіздер
Бір тәжірибені қолдана отырып, бұрыннан келе жатқан проблемаларды оңай жеңе аласыз. Жеміс-жидек ретіндегі сәттілік, «ксерлік» рух пен сіздің табиғи қасиеттеріңіз сәтті үйлесім табады. Егер жоспарлаған болсаңыз, басқа жұмысқа ауысу сәтті болады.

Шаян
Жаңа жетістіктерге толы апта. Табысқа жету үшін табандылық пен тәзімділік керек. Ең бастысы, бақытты болуыңызға сену қажет. Бұл апта өзін-өзі дамытуға, таланттарыңызды көрсетуге жақсы мүмкіндіктер ашады.

Арыстан
Бұл апта арыстандар үшін өзгерістерге толы. Бірақ ол жайтардың барлығынан лайда күтудің қажеті шамалы. Қызметте қырағылық пен аса сақтық танытқан дұрыс. Егер есу болып жатса, керітартпалықтан сақтаныңыз.

Биікеш
Жеке өмірде жолыңыз болады. Опар көптен күткен махаббаттарын кезіктіріп, махаббат бесігінде тербеледі. Десе де, астрология мұндай кезде «басыңызды» жоғалтып алмай, жалынды сезіміңіз өртіне күймей, әрбір қадамыңызды аңдап басуға шақырады.

Таразы
Жұлдыздардың ізденіп, жақсылыққа ұмтылғандарға керемет марапаты бар. Апта басы жаңа бастамалар, шығармашылық жетістіктер мен қасиет ізденістерге толы болады. Таразыларға отбасы, туған-туыстарды ұмытпау керектігін ескертеміз.

Сарышпан
Ұқымдық шығармашылық идеяны ұтымды пайдалану үшін басқаларға көмектесуге дайын. Жоспарларыңызды кең ауқымды деп атауға болады. Бірақ оны іске асыруға әрдайым орасан күш салу керек. Басқалары қасиеті жауапкершіліктен аулақ болып, тынығып жатқанда сіз біліміңізді жетілдіріп, бар тәжірибені жұмыста қолдануға тырысасыз.

Мерген
Болып жатқан оқиғалардың бәрі үй. Отан, тұрақтылық идеяларымен байланысты болады. Өмірдің күнделікті жағын жандандыру қажеттілігі үстем бола бастады. Сіз жаңару жағдайында боласыз. Бірақ сонымен бірге не болып жатқанын түсінуге көмектесетін және оны қамтамасыз ететін өзінше таныс ортада боласыз.

Тәуешкі
Ұзақ уақыт бойы басқалардың қысымына, сынға және наразылыққа төтеп бере алмайды. Сіз өзгелердің өсерінен өзіндік жайсыз сезінесіз. Басқаларға қайшы келмеу үшін сөзбе-сөз батылық таныту керек. Бұл апта сынақ кезеңі, сіздің денсаулығыңыз бен соған байланысты қайта жеңетін қиыншылық кезеңі. Қиын таңдау күтіледі.

Суқұйғыш
Жағдайды түйсігімен сезу қабілетіңіз арқасында соңғы оқиғалардың қайталануын болдырмайды. Мұнда сізге кейбір ұсақ-түйек зат, кеңес және түсінуге болмайтын ерекшеліктер көмектеседі. Ол кез келгенін қолынан келе бермейді. Өзіңізге ыңғайлы көп адаммен ынтымақтастық қарасты. Алта барысында бір-бірімен өзара тілмді одақтасасыз, бизнеске сәттілік күтеді.

Балықтар
Осы уақытта дейін маңызды болып көрінетін жоспарыңан бас тартпады. Сіз бір нәрсені жеңуге деген ұмтылысты жоғалтасыз, өз жолыңызбен жүресіз және позицияны сақтау тәсілін іздейсіз. Сонымен қатар қасиет қызметте маңызды перспектива пайда болады. Мықты әлеуметтік бағыт айқындалады.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:

тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А

e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com

Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8010

Тапсырыс: 159